

**«Электр энергиясы мен қуаты рыногының Қазақстандық операторы»  
акционерлік қоғамы  
(«КОРЭМ» АҚ)**

2019 жылдың «14» маусымындағы  
№ 23 бұйрығымен бекітілген

**АУКЦИОНДЫҚ САУДА-САТТЫҚ ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕ  
САУДА-САТТЫҚ ЗАЛЫНДА БАҚЫЛАУШЫЛАРДЫҢ БОЛУ  
ТӘРТІБІ**

## **Жалпы ережелер**

1. Осы аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде сауда залында байқаушылардың қатысу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) аукциондық сауда-саттықты өткізу барысында қатысушы байқаушылардың функцияларын, міндеттері мен құқықтарын айқындау мақсатында әзірленді.

2. Осы Тәртіппен шешілетін негізгі міндеттер:

- бақылаушылардың мақсаттары мен құқықтары;
- байқаушылардың құрамын қалыптастыру тәртібі;
- бақылаушылардың міндеттері.

3. Осы Тәртіпке аукциондық сауда-саттықты реттейтін нормативтік құқықтық актілерге және аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) ішкі нормативтік құжаттарына тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда өзгерістер енгізілуі мүмкін.

4. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыруды және өткізуді регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге және ұйымдастырушының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қолданылады.

### **Бақылаушылардың қатысуының мақсаты және олардың құқықтары**

5. Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде сауда залында бақылаушылардың қатысуының мақсаты аукциондық сауда-саттықты өткізудің транспаренттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

6. Байқаушылар:

1) сауда-саттық сессиясын өткізу және аукциондық сауда-саттық қорытындыларын шығару кезінде, сауда-саттық сессиясын дайындау уақыты ішінде аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде Ұйымдастырушының сауда залында болуға;

2) аукциондық сауда-саттықты өткізуге жіберілген аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың тізімімен танысуға;

3) сауда-саттық сессиясы ашылғанға дейін қаржы-есеп айырысу орталығы Ұйымдастырушыға берген конвертті ашу кезінде болуға;

4) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуі бар өтінім берушілердің тізімі бар конвертті ашудың бүтіндігін, аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі ақпаратты ресімдеудің және ұсынудың дұрыстығын куәландыруға;

5) өтінімдерді қаржылық қамтамасыз ету бойынша деректерді енгізу кезінде болуға және ұйымдастырушының аукциондық сауда-саттық операторының сауда жүйесінде оларды толтырудың дұрыстығын куәландыруға;

6) сауда сессиясының барысын және ұйымдастырушының ішкі құжаттарында көзделген аукциондық сауда-саттықты реттейтін тәртіптің сақталуын бақылауға;

7) аукциондық сауда-саттықты өткізетін Ұйымдастырушының аукциондық сауда-саттық Операторының іс-қимылдарын бақылауға;

8) Ұйымдастырушының аукциондық сауда-саттық Операторының аукциондық сауда-саттыққа қатысушылармен телефон арқылы сөйлесулерін тыңдауға;

9) аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарын анықтау және аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін қалыптастыру кезінде болуға;

10) аукциондық сауда-саттықты реттейтін нормативтік құқықтық актілерде көзделген жағдайларда аукциондық сауда-саттықты қайта өткізу кезінде болуға құқылы.

### **Байқаушылардың құрамын қалыптастыру тәртібі**

7. Бақылаушылар құрамын қалыптастырумен жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) айналысады.

8. Аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде Ұйымдастырушының сауда-саттық залында бақылаушылардың саны 8 (сегіз) адамға дейін болуы тиіс.

9. Бақылаушылардың құрамына мынадай ұйымдардың уәкілетті өкілдері енгізілуі мүмкін:

10. Уәкілетті орган;

11. Табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган;

12. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

13. халықаралық ұйымдар;

14. «KAZENERGY» қазақстандық мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі;

15. «Тауар нарықтарының бәсекелестігін дамыту қауымдастығы» қауымдастық түріндегі заңды тұлғалардың бірлестігі;

16. бейінді қауымдастықтар;

17. уәкілетті органмен келісілген басқа да мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар.

18. Бақылаушылардың құрамына аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілген заңды тұлғалар, сондай-ақ аукциондық сауда-саттықтардың нәтижелеріне мүдделі тұлғалар енгізілуі мүмкін емес.

19. Уәкілетті орган аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін 1 (бір) күн бұрын бақылаушылардың тізімін қалыптастырады және ұйымдастырушыға жібереді. Байқаушылардың тізімінде байқаушының толық аты-жөні, жұмыс орны және лауазымы көрсетіледі.

### **Бақылаушылардың міндеттері**

20. Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде сауда залына жіберілген байқаушылар:

- барлық техникалық байланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын Ұйымдастырушының жауапты жұмыскерінен қол қойғызып қалдыруға;
- Сауда залға аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін 30 (отыз) минут бұрын кіруге және онда сауда сессиясының барлық ұзақтығында болуға;
- аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін қалыптастырғанға дейін сауда залынан шықпауға;
- қаржылық қамтамасыз етуі бар өтінім берушілердің тізімімен бірге конвертті ашу кезінде болуға;
- осы Тәртіптің 1-қосымшасына сәйкес қаржылық қамтамасыз етуі бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім берушілердің тізімімен бірге конвертті ашу хаттамаға қол қоюға;
- осы Тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес аукциондық сауда-саттық өткізудің коммерциялық құпиясын және құпия ақпаратын жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюға және аукциондық сауда-саттық жабылғаннан және қорытындылары шығарылғаннан кейін аукциондық сауда-саттық қатысушыларының өтінімдерінде көрсетілген бағалар мен көлемдер туралы ақпаратты не аукциондық сауда-саттықты регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерде көзделген аукциондық сауда-саттықты ауыстырған жағдайларда жария етпеуге;
- осы Тәртіптің 3 және 4-қосымшаларына сәйкес аукциондық сауда-саттықты өткізу хаттамасына қол қоюға міндетті.

### **Қорытынды ережелер**

21. Ұйымдастырушы аукциондық сауда-саттықтың басталуына кешіккен бақылаушыларды, сондай-ақ барлық техникалық байланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын қалдырудан бас тартқан бақылаушыларды сауда залына жібермейді.

22. Ұйымдастырушы уәкілетті орган ұсынған тізім негізінде сауда залына бақылаушыларды жібереді. Байқаушылардың құрамы өзгерген жағдайда Уәкілетті орган бұл туралы Ұйымдастырушыны уақтылы хабардар етеді.

23. Аукциондық сауда-саттықтарды өткізу процесінде ескертулер немесе бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылаушы жағдайды хатта баяндауға және оны аукциондық сауда-саттықтардың қорытындылары шығарылғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Уәкілетті органға жіберуге тиіс.



**Аукциондық сауда-саттықты  
өткізу кезінде  
сауда залында бақылаушылардың болу тәртібіне  
2-қосымша**

**Аукциондық сауда-саттықты жүргізуге қатысты коммерциялық құпияны және  
құпия ақпаратты жария етпеу туралы  
міндеттемелер**

Нұр-Сұлтан қ. № . .201  
ж.

Біз, төменде қол қоюшылар, сеніп тапсырылатын немесе аукциондық сауда-саттықта белгілі болатын коммерциялық құпияны құрайтын деректерді және құпия ақпаратты жарияламауға міндеттенеміз.

**Бақылаушы**

**Оператор**

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Аукциондық сауда-саттықты  
өткізу кезінде  
сауда залында бақылаушылардың болу тәртібіне  
3-қосымша**

**Аукциондық сауда-саттықты өткізу  
хаттамасы**

Нұр-Сұлтан қ. № . .201  
ж.

Қатысқандар: тізім бойынша (қоса беріліп отыр)

«    »                   20    жылы келесі бастапқы параметрлері бар аукциондық сауда-саттық өткізілді:

- БЭЖ аймағы – ;
- ЖЭК түрі – ;
- жобалардың көлемі – ;
- шекті аукциондық бағаның шамасы – тг/кВт\*с;
- сатып алынатын белгіленген қуат көлемі – МВт.

**Аукциондық сауда-саттық қорытындылары:**

№ п/п	Дата торгов	Номер сделки	Тип ВИЭ	Наименование победителя	Земельный участок	Точка подключения	Аукционная цена, тг/кВт*ч (без НДС)	Установленная мощность, МВт
1								
2								
<b>ИТОГО:</b>								

Ескертпе: аукциондық сауда-саттық өткізу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

Хаттамамен таныстым:

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Сауда-саттық операторы \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)  
МО

**Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде сауда залында  
бақылаушылардың болу тәртібіне  
1-қосымша**

**Аукциондық сауда-саттықты өткізу  
хаттамасы**

Нұр-Сұлтан қ. № . .201 ж.

Қатысқандар: тізім бойынша (қоса беріліп отыр)  
«        » 201 жылы келесі бастапқы параметрлері бар аукциондық сауда-саттық өткізілді:

- БЭЖ аймағы – ;
- ЖЭК түрі – ;
- жобалардың көлемі – ;
- шекті аукциондық бағаның шамасы – тг/кВт\*с;
- сатып алынатын белгіленген қуат көлемі – МВт.

**Аукциондық сауда-саттық қорытындылары:**

№ п/п	Дата торгов	Номер сделки	Тип ВИЭ	Наименование победителя	Земельный участок	Точка подключения	Аукционная цена, тг/кВт*ч (без НДС)	Установленная мощность, МВт
1								
2								
<b>ИТОГО:</b>								

- Сатуға арналған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімдердің белгіленген қуатының жалпы көлемі сатып алынатын белгіленген қуат көлемінің 130%-дан аспайтын болуына байланысты аукциондық сауда-саттық өтпеді.
- Сауда жүйесіне сатуға өтінім берген қатысушылардың саны екеуден аз болуына байланысты аукциондық сауда-саттық өтпеді.
- Осы аукциондық күні қатысушылардың болмауы себебінен аукциондық сауда-саттық өтпеді.

Ескертпе: аукциондық сауда-саттық өткізу барысында бұзушылықтар анықталған жоқ.

Хаттамамен таныстым:

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Бақылаушы – \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Сауда-саттық операторы \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

МО